

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры»
Акционерлік қоғамы жанындағы
Қоғамдық кеңес отырысының
№20 ХАТТАМАСЫ**

24 маусым 2022 ж.

Алматы қ.

Өткізу форматы: аралас.

«БЖЗҚ» АҚ ОА көзбе-көз/
онлайн (Cisco Webex Meetings)

ҚАТЫСҚАНДАР

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы Қоғамдық кеңестің (бұдан әрі – Кеңес, ҚК) мүшелері

- 1) Бурабаев Ерлан; ҚК төрағасы
- 2) Ледовских Ирина; ҚК төрағасының орынбасары
- 3) Алёхова Александра;
- 4) Алтынбекова Гүлсара;
- 5) Жолдасбеков Азамат;
- 6) Мамажанов Әділ;
- 7) Нұрабаев Жомарт;
- 8) Своик Пётр;
- 9) Сейпульник Евгений;
- 10) Тәжібекова Жұмагүл.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - БЖЗҚ) және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ) өкілдері (дауыс беру құқығынсыз):

- 1) Құрманов Ж.Б., «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасы;
- 2) Егеубаева С.А., «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- 3) Фазылова К.Н., «БЖЗҚ» АҚ стратегиялық даму департаментінің директоры;
- 4) Акмаева М.А., «БЖЗҚ» АҚ жұртшылықпен байланыс департаменті директорының орынбасары, ҚК хатшысы.

Инвестициялық портфельді басқарушы компаниялардың өкілдері (ИПБ) (дауыс беру құқығынсыз):

«ВСС Invest» АҚ - Басқарма төрағасының орынбасары В. А. Кышпанаков, активтерді басқару департаментінің директоры Р. М. Зерилов.

«Сентрас Секьюритиз» АҚ - Басқарма төрағасы Т. К. Қамаров, активтерді басқару департаментінің директоры Д. Ж. Нұрсkenов

«Nalyk Global Markets» АҚ - Басқарма төрағасының орынбасары В. А. Хон, активтерді басқару департаментінің бас маманы Сәтпаев А.

«Jusan Invest» АҚ - Басқарма төрағасы М. В. Қабанов.

Отырысқа кеңестің 10 мүшесі қатысты. Кворум бар.

КҮН ТӘРТІБІ

- 1) «ВСС Invest» АҚ ИПБ инвестициялық стратегиясының таныстырылымы.

- 2) «Сентрас Секьюритиз» АҚ ИПБ инвестициялық стратегиясының таныстырылымы
- 3) «Halyk Global Markets» АҚ ИПБ инвестициялық стратегиясының таныстырылымы
- 4) «Jusan Invest» АҚ УПИ инвестициялық стратегиясының таныстырылымы.
- 5) «БЖЗҚ» АҚ-ның 2022-2026 жылдарға арналған Корпоративтік стратегиясы.

ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша «BCC Invest» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Виктор Алексеевич Кышпанакоев сөз сөйледі. Ол компанияның тәжірибесі мен нарықтағы ұстанымы туралы қысқаша айтып берді, «BCC Invest» қызметінің көрсеткіштерін және т.б. көрсетті. Виктор Алексеевичтің айтуынша, әртараптандыру есебінен жоғары құбылмалылық жағдайында портфельдің тұрақтылығын сақтауға болады.

Кышпанакоев қазіргі жағдайда салымшылардың жинақтарын сақтау өте маңызды екенін ерекше атап өтті. Сол себепті «BCC Invest» АҚ геосаяси ахуалға тәуелді активтерге инвестицияламау туралы шешім қабылдаған. Осылайша, жоғары кірістілікке қарамастан, қақтығысқа қатысушы елдердің қаржы құралдарына инвестиция салу әу бастан жоспарланбаған. Активтерді түрлі санатқа әртараптандыру мақсатында «BCC Invest» ұзақ мерзімді кезеңде неғұрлым жоғары кірістілікті түрлендіретін үлестік құралдарға инвестиция салатыны атап өтілді. Тұрақты дивидендтер ағыны бар акциялар мен ETF қосымша таңдалады. Облигациялардың тәуекел-бейініне келсек, олар корпоративтік секторды аздап қоса отырып, сенімді эмитенттермен ұсынылған.

[«BCC Invest» АҚ ИПБ толық таныстырылымы](#) enpf.kz сайтында «Қоғамдық кеңес» - 20 отырыс бөлімінде жарияланған.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша «Сентрас Секьюритиз» АҚ Басқарма Төрағасы Талғат Қайырбекұлы Қамаров сөз сөйледі. Ол барлық инвестициялық басқарушылар үшін осынау қиын-қыстау сәтте тәжірибе алмасу алаңы ретінде мұндай басқосулардың пайдасы зор болатынына тоқталды. Ол өз баяндамасын «Сентрас Секьюритиз» АҚ портфельін талдаудан бастады, портфельдің жартысынан көбін ҚР ҚМ МБҚ алады. Валюталар жөнінде айтсақ, қаражаттың басым бөлігі ұлттық валюта – теңгеге салынды. Бұл «Сентрас Секьюритиз» АҚ портфельін сыртқы күйзелістерден сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Талғат Қайырбекұлының айтуынша, 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында мынадай мәмілелер жасалды – бұл «ҚазТрансОйл» АҚ жай акцияларын сатып алу, ETF: SPDR PORTFOLIO S&P 500 ETF сатып алу, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ облигацияларын сатып алу және «Кселл» АҚ акцияларын сату. Зейнетақы активтерінің жылдық кірістілігі 2021 жылы 12.5%, бұл кезеңде инфляция 8.7% болғаны атап өтілді. 2022 жылдың 5 айында зейнетақы активтерінің табыстылығы (-4,9%), осы кезеңде инфляция 8.8% құрады. Камаров қысқа мерзімді кемшіліктер туралы алаңдамаудың қажеті жоқ екенін атап өтті, өйткені зейнетақы жинақтары – «ұзаққа шабатын» ақша. Ол, сондай-ақ, қазіргі кезде табыстылықтың төмен деңгейі инвесторлардың әлемде қалыптасқан жағдайға деген теріс көзқарасы екенін, бірақ ұзақ мерзімді басымдықта ИПБ орташа жасы 35-40 жасты құрайтын салымшыларға инфляция деңгейінен асатын кірістілікті қамтамасыз етулері тиіс екендіктерін атап өтті.

[«Сентрас Секьюритиз» АҚ ИПБ толық таныстырылымы](#) enpf.kz сайтында «Қоғамдық кеңес» - 20 отырыс бөлімінде жарияланған.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша «Halyk Global Markets» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Виталий Анатольевич Хон сөз сөйледі. Ол Кеңес мүшелерін компаниямен таныстырып, Halyk Global Markets – бұл қазақстандық қана емес,

халықаралық нарықта да мойындалған Қазақстанның ірі инвестициялық компанияларының бірі екенін атап өтті. Нарықта қызмет етіп келе жатқанына 25 жыл болған Halyk Global Markets Қазақстанның ірі банкі – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның еншілес компаниясы болып табылады. Ұйымның мақсаты 12-13% кірістілікке қол жеткізу.

Виталий Анатольевичтің айтуынша, басқару стратегиясы зейнетақы жинақтарын 50% дейін үлестіру «қатты» валюталарда номинирленген активтерге (30% үлестік құралдарға: ETF/акцияларға және 20% борыштық құралдарға: ETF/облигацияларға), сондай-ақ, қалған активтерді теңгемен номинирленген борыштық құралдарға (теңге) бөлу болып табылады (Уақытша - бос ақша қаражаты ақша нарығының құралдарына және ҚРҰБ ноттарына, облигациялар: Қаржы министрлігі, квазимемлекеттік компаниялар және корпоративтік эмитенттер).

[«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ИПБ толық таныстырылымы](#) enpf.kz сайтында «Қоғамдық кеңес» - 20 отырыс бөлімінде жарияланған.

Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша «Jusan Invest» АҚ Басқарма Төрағасы Максим Владимирович Кабанов сөз сөйледі. «Jusan Invest» АҚ – 2004 жылдан бастап бағалы қағаздар нарығында заманауи инвестициялық шешімдерді кең аяда ұсынатын инновациялық брокер. Екінші деңгейдегі қазіргі заманғы ірі банктердің бірі — «Jusan Bank» АҚ жалғыз акционері болып табылады.

Кабанов мырза Кеңеске компанияның бірқатар артықшылықтары бар екенін айтты, соның арқасында «Jusan Invest» АҚ-ын инвесторлар таңдайды. Бұл – валюталар бойынша 50/50 бөлу, қызметтің ашықтығы, шетелдік бағалы қағаздарға инвестициялау, дефолтқа жол берген үлестес компаниялар мен ҚР экономика секторларына инвестицияламау және т. б.

Салымшының активтері үлестік және борыштық бағалы қағаздарға қатысты жария өтімді қаржы құралдарына, оның ішінде: ETF, акциялар, облигациялар, бағалы металдар, ҚР ҰБ ноталары, ҚР Қаржы министрлігінің облигацияларына инвестицияланатын болады. «Қазіргі уақытта зейнетақы активтері портфелінің басым бөлігін ақша қаражаты құрайды. Қазіргі кұбылмалы нарық кезеңінде біз шетелдік бағалы қағаздар нарығында неғұрлым тиімді деңгейлер бойынша жаңа позицияларды қалыптастыру үшін ақша қорын дайындадық», - деп атап өтті Максим Владимирович.

Кабанов халықтың қаржылық сауаттылығын арттырудың маңыздылығын атап өтті, сондай-ақ, модельдік портфельдің жиынтық кірістілігі мен бастапқы және қайталама тұрғын үй бағасының жиынтық өзгеруін салыстыра отырып, инвестициялаудың алғашқы түрінің тиімділігін көрсетті.

[«Jusan Invest» АҚ ИПБ толық таныстырылымы](#) enpf.kz сайтында «Қоғамдық кеңес» - 20 отырыс бөлімінде жарияланған.

Баяндамашылардың сөзінен соң қатысушылар сұрақ-жауапқа көшті. Азамат Жолдасбеков ИПБ-ның төмен табыстылығын атап өтті. Сонымен қатар, барлық қатысушылар қаржылық 2022 жыл әлі аяқталмағанымен келісті. Қазіргі уақытта доллар бағамы нығаюда, бұл активтердің инвестициялық табыстылығына әсер етеді.

Петр Своик ерекше пікір жіберіп, хаттамаға енгізуді сұрады. Оның негізгі ұстанымы зейнетақы жинақтарын сақтау мен көбейтудің жалғыз сенімді, әрі тиімді жолы – қаржыны электр қуатына, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа, теміржол көлігіне, құбырға және басқа да мемлекеттік тарифтік бақылаудағы инфрақұрылымдық нысандарға инвестициялау қажет дегенге саяды. Ол Қазақстанның өзінде инвестициялық тапшылық күрт өсіп, ұлттық кредит те, инвестициялық база да жоқтың қасы болып тұрғанда қазақстандықтардың жинақтарын шетелдік активтерге салу, яғни бөгде экономикаларды несиелеу – компрадорлық дерттің көрінісі деп санайды, яғни сырттан енгізілген тәсім арқылы еліміздің тек ресурсын ғана емес, сондай-ақ, қаржысын сарқуға септігін тигізу деп есептейді. «БЖЗҚ қаражатын Қаржы министрлігінің қарыз қағаздарына, яғни мемлекеттік бюджеттік қарызға «инвестициялау», кем дегенде, кәсіби емес және іс жүзінде бюджетті тақырға отырғызатын мемлекетке қарсы шешім деп санаймын. Зейнеткерлер үшін мән-

мағынасы жоқ, пайдасыз және бюджеттен шығарылатын «кірістілік» есебінен экономика үшін пайдасыз жалған жинақтауды өсіру, кем дегенде, осы саладағы лауазымды тұлғалардың біліктілігіне күмән тудырып қана қоймай, мемлекет пен азаматтарға зиян келтіретін жеке-корпоративтік мүдделерді саналы түрде қолпаштау ма деген ой келеді. Қоғамдық кеңестің қазіргі құрамының мұндай мәселелерді түбегейлі қарастыруға қабылдай алмай отырғаны түсінікті, оған ешқандай шара жоқ. Дегенмен, ҚК отырысында зейнетақы қаражатын жеке басқарушылардың есептерін тыңдау қазірдің өзінде азаматтардың жинақтарын сыртқы және ішкі қаржылық алыпсатарлардың мүдделері үшін пайдалана отырып, тікелей ынтымақтастыру болып табылады, мен бұдан өзімді аулақ ұстайтынымды кесіп айтамын», - деді Своик.

Кеңес мүшелері ИПБ таңдау кезінде ең төменгі жеткіліктілік шегімен шектелмей, БЖЗҚ салымшыларының ауқымын ұлғайту үшін инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейтуді ұсынды. Бұл бастамаға қатысты «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасы Жанат Құрманов зейнетақы қаражаты зейнетақы жүйесінен алынатын тұрғын үй мен емделу мақсатына қарағанда, ИПБ-ға аударылған кезде ақшаның жүйеде қалатынын және оның нысаналы мақсаты сақталатынын атап өтті. Осыған байланысты қаржы нарығымен бірлесіп ҚКҚ (Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы) алаңында зейнетақы жинақтарының бір бөлігін ең төменгі жеткіліктілік шегіне байланыстырмай-ақ, ИПБ-ға аударуға болатындай етіп, шарттарды өзгерту туралы ұсыныс қаралуда. Бұл ретте болашақта жеткіліктілік шектің мөлшерін есептеу зейнетақы аннуитеттерінің құнына негізделсе дұрыс болуы мүмкін екені айтылды.

ИПБ қызметі туралы ақпарат назарға алынсын.

Дауыс бергендер:

«Жақ» - 10

«Қарсы» - 0

«Қалыс қалғандар» - 0.

Шешім қабылданды.

Күн тәртібінің бесінші мәселесі бойынша «БЖЗҚ» АҚ Стратегиялық даму департаментінің директоры Камиля Фазылова сөз сөйледі. Ол enpf.kz корпоративті сайтында директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген 2022-2026 жылдарға арналған жаңа Корпоративтік даму стратегиясы жарияланғанын жеткізді. Алдыңғы Корпоративтік стратегия 2017 жылы бекітіліп, БЖЗҚ-ның 2021 жылға дейінгі кезеңге арналған мақсаттары мен міндеттері толық орындалған болатын.

Жаңа стратегияда БЖЗҚ-ның жинақтаушы зейнетақыны қалыптастыру мен жоспарлауда әр салымшымен жеке қарым-қатынас жасап, жоғары технологиялық қаржы институты ретінде өз дамуын жалғастыратыны көзделген.

2022-2026 жылдарға арналған Корпоративтік даму стратегиясы «Қазақстан-2050» Мемлекеттік стратегиясына, Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі Тұжырымдамасына, қаржылық технологиялар мен инновацияларды дамыту жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған Тұжырымдамасына сәйкес әлеуметтік саясат қағидаттарына негізделеді.

Стратегияға сәйкес БЖЗҚ өзінің миссиясын «Зейнетақы жинақтарын сенімді есепке алу және әрбір салымшыға қолжетімді сапалы зейнетақы қызметтерін көрсету» деп айқындайды. Бұл миссияны орындау адамға және тұтынушыға бағытталып, сапа, технология, сенімділік, жауапкершілік пен ашықтыққа негізделген.

Қор салымшылар мен алушылардың қажеттіліктерін зерделеп, жинақтаушы зейнетақы жүйесіне әрбір қатысушымен арадағы өзара іс-әрекетке ерекше назар аударады. БЖЗҚ зейнетақы жинақтарын қалыптастыру тетігін түсіндіріп, олардың жай-күйі туралы толық ақпарат берумен қатар, тұрақты зейнетақы жарналарының қажеттілігін көрсетеді. Зейнетақы активтерін инвестициялау және болашақ зейнетақы төлемдерін болжау

қағидаттары БЖЗҚ сайтында «Зейнетақы калькуляторын» пайдалану арқылы көрініс тапқан.

Қор қызметтерді одан әрі автоматтандырып, қызмет көрсетудің белсенді түрлерін дамытып, салымшылар мен алушылардың БЖЗҚ-мен арадағы өзара іс-әрекеттің электрондық арналарын жетілдіретін болады. Қазіргі уақытта БЖЗҚ қызметтерінің басым бөлігі онлайн-форматқа көшірілді. Бұдан әрі сайт пен мобильді қосымшаны дамыту, жеке басты куәландырудың биометриялық тәсілін енгізу, цифрлық құжаттарды пайдалану, қаржылық технологиялар саласында инновацияларды қолдану және т. б. өзгерістер есебінен электрондық сервистер үлесін біртіндеп арттыру жоспарлануда.

Дербес деректемелерді қорғау, мемлекеттік органдар және қаржы институттарымен өзара тығыз әріптесу, ақыл-кеңес беру қызметтерін дамыту бойынша жұмыс жалғасады.

Ақпараттық-түсіндіру жұмысы нысаналы аудиториялардың қалауы ескеріле отырып, өздерінің ақпараттандыру арналары, БАҚ, интернет-алаңдар және т. б. арқылы жүзеге асырылатын болады.

Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесін одан әрі дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу және заңнаманы іске асыру Қордың Даму стратегиясында да көзделген. БЖЗҚ мамандары ЖЗЖ-ні одан әрі жетілдіру бағыттары бойынша талдау жүргізу және ұсыныстар әзірлеу, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жаңа құрамдаушы – жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын енгізу, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру көрсеткіштері мен тетіктерін пысықтау үшін актуарлық модельдеу құралдарын жетілдіруге қатысатын болады.

БЖЗҚ ЕАЭО-қа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімді іске асыру шеңберінде құзыретті орган ретінде міндеттерін жүзеге асыруды жалғастырады.

Камиля Фазылованың айтуынша, Қордың алдағы бес жылда мақсаттарға қол жеткізуі және міндеттерді орындауы ең алдымен, салымшылар мен алушылар үшін нәтиже бермек, өйткені, салымшылардың Қор жұмысына қанағаттанып, сенімді, қолжетімді және жоғары технологиялық қызметтер алуы – БЖЗҚ-ның сапалы еңбек етуінің басты белгісі болып табылады.

"БЖЗҚ" АҚ-ның 2022-2026 жылдарға арналған Корпоративтік стратегиясы туралы ақпаратты назарға алу туралы ұсыныс түсті.

Дауыс беру:

«"келіскендер» – 10

«қарсы» – 0

«қалыс қалғандар» – 0.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

Басқосудың күн тәртібіндегі 1-4 мәселелері бойынша ИПБ қызметі туралы ақпарат назарға алынсын.

Басқосудың күн тәртібіндегі 5 мәселе бойынша «БЖЗҚ» АҚ-ның 2022-2026 жылдарға арналған Корпоративтік стратегиясы жөніндегі ақпарат назарға алынсын.

Жиналыс төрағасы

Е.Бурабаев

Жиналыс хатшысы

М.Алмаева